

2005 жылғы республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 551 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) 2005 жылғы республикалық бюджеттен білім беруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану ережесі;

2) 2005 жылға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиялары мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

3) 2005 жылға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқып жатқандар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын және заңнамада белгіленген тәртіппен есеп беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 2 маусымдағы

N 551 қаулысымен

бекітілген

2005 жылғы республикалық бюджеттен білім беруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану ережесі

1. Осы Ереже "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және республикалық бюджет қаражаты есебінен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің,

Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша пайдалану тәртібін анықтайды:

013 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиялары мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

016 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиялары мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

021 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқып жатқандар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

030 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқып жатқандар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер".

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі осы Ереженің 1-тармағында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдарға аударады.

3. Жергілікті атқарушы органдар осы Ереженің 1-тармағында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді заңнамаға сәйкес пайдалануды ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 2 маусымдағы
N 551 қаулысымен

бекітілген

2005 жылға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиялары мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу

Р / с N	Атауы	Сомасы, мың теңге		
		Барлығы	оның ішінде	
			Қазақстан Республи- к а с ы	Қазақстан Республи-

			Білім және ғылым министрлігі	қ а с ы Денсаулық министр- лігі
1	2	3	4	5
	Барлығы	855943	772 684	83259
1.	Ақмола облысы	47426	45 559	1867
2.	Ақтөбе облысы	58297	53 254	5043
3.	Алматы облысы	28493	24 298	4195
4.	Атырау облысы	25691	21 869	3822
5.	Шығыс Қазақстан облысы	83289	75 932	7357
6.	Жамбыл облысы	51724	43 534	8190
7.	Батыс Қазақстан облысы	49223	43 332	5891
8.	Қарағанды облысы	91293	84 841	6452
9.	Қостанай облысы	64435	58 113	6322
10.	Қызылорда облысы	34019	29 968	4051
11.	Маңғыстау облысы	30738	26 931	3807
12.	Павлодар облысы	48935	45 559	3376
13.	С о л т ү с т і к Қазақстан облысы	29373	26 931	2442
14.	О ң т ү с т і к Қазақстан облысы	81846	66 415	15431
15.	Алматы қаласы	89879	88 486	1393
16.	Астана қаласы	41282	37 662	3620

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 2 маусымдағы
N 551 қаулысымен

бекітілген

2005 жылға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта кәсіптік орта оқу орындарында оқып жатқандар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу

Атауы	Сомасы, мың теңге
-------	-------------------

Р / с N		Барлығы	оның ішінде	
			Қазақстан Республи- к а с ы Білім және ғылым министрлігі	Қазақстан Республи- к а с ы Денсаулық министр- лігі
1	2	3	4	5
	Барлығы	271258	247022	24236
1.	Ақмола облысы	15234	14565	669
2.	Ақтөбе облысы	18387	17024	1363
3.	Алматы облысы	8976	7768	1208
4.	Атырау облысы	8055	6991	1064
5.	Шығыс Қазақстан облысы	26198	24275	1923
6.	Жамбыл облысы	16394	13916	2478
7.	Батыс Қазақстан облысы	15446	13854	1592
8.	Қарағанды облысы	29021	27122	1899
9.	Қостанай облысы	20379	18577	1802
10.	Қызылорда облысы	10871	9582	1289
11.	Маңғыстау облысы	9706	8611	1095
12.	Павлодар облысы	15583	14565	1018
13.	С о л т ү с т і к Қазақстан облысы	9368	8611	757
14.	О ң т ү с т і к Қазақстан облысы	25778	21234	4544
15.	Алматы қаласы	28742	28287	455
16.	Астана қаласы	13120	12040	1080